

С.Ж.Асфендияров  
атындағы Қазақ Ұлттық  
Медицина университеті



Казахский  
Национальный  
Медицинский  
Университет имени С.Д.  
Асфендиярова

# Кейс стади әдісі

**Орындаған: Тұрғынбаева Ж**  
**Факультет: Фармация**  
**Тобы: ФА-12-003-02**

# Кіріспе

- Бүгінде экономикалық және әлеуметтік мамандықтар бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне арналған Кейс-стади әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды. Кейс-стади- таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты жағдайларды практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға негізделеді. Сол себепті де кейс-стадиді кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды. Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай», «оқиға» дегенді білдіреді.

- Кейс - технология – оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалдық, мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген. Кейс - технологиясы (ағылшынның case – потрфель ) оқытудан жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

# *Кейстің келесідей типтерін атап көрсетуге болады:*

- Практикалық кейс
- Оқыту кейсі
- Зерттеушілік кейс

- Кейс әдісінің 5 кезеңі
- • 1-кезең – жағдаятпен таңысу, оның ерекшелігі;
- • 2-кезең – мәселені анықтау, әсер ететін факторлар мен объектілер;
- • 3-кезең – ой доданы ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну;
- • 4-кезең – шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы;
- • 5-кезең – кейстің шешімі – бір неше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерін ескеруді атау.

# Кейс - технологияға арналған материалдар түрлері мыналар:

- 1. Әдістемелік нұсқаулар.
- 2. Жұмыс дәптері.
- 3. Анықтама.
- 4. Оқу, аудио, бейне материалдар.
- 5. Бақылау және емтихан материалдары.

# *Кейс технологиясының білімдік потенциялы неде?*

- Теориялық білімді шынайы өмірдегі жағдаяттар материалы негізінде бейнелеуге мүмкіндік беруі
- Студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыруы
- Қажетті құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді, ақпарат көздерімен жұмыс жасай алуы, мәселені шешуде балама іздеуі және т.б.
- Түрлі практикалық дағдылардың дамуына әсер етуі
- Ұсынылған мәселені шешуде қажетті білім комплексінің бекітілуі

- **1. *КЕЙС-технологиялардың тарихы.***
- Кейс –стади амал-тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі хх ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс-стади амал-тәсілі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.

- Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгінде бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина және т. б. салаларда жемісті қолданылуда.

# ***Кейс-технологиялардың негізгі ерекшеліктері***

- практикалық жағдайларды зерттеу;
- болған жағдайларды баяндау;
- проблемамен (мәселемен) танысып, оны шешудің жолдарын іздейді.

# *Кейске қойылатын талаптар қандай?*

- Кейстің мазмұны құрастыру мақсатына нақты, тура сәйкес келуі
- Тиісті күрделілік деңгейінің болуы
- Болашақ мамандыққа байланыстыоның кейбір аспектілерінен мысалдадың болуы
- Өте жылдам ескіріп қалмауы
- Пікір-таласты тудыра алуы
- Аналитикалық ойлауды дамытуы

- Бүгінгі күнге өзекті болуы
- Ұлттық бейненің болуы
- Бірнеше шешімге келу мүмкіндігінің болуы
- Жағдаятты түсінуге көмектесетін бірыңғай ақпарат комплексі түрінде болуы
- Ұсынылған мәселені шешуге түрткі болатын сұрақтар жиынтығының болуы
- Жақсы құрастырылған кейс белгілі бір іскерліктер комплексінің қалыптасуына немесе олардың одан ары қарай дамуына негіз болуы
-

# ***Кейс технологиялардың негізгі мақсаты.***

- жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;
- әр түрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;
- ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету

# *Кейс-стади әдісінің идеялары*

- әдіс қойылған сұрақтардың бірнеше жауаптары бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған;
- үйрету оқушы мен оқытушының бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;
- Әдісті қолданудың нәтижесі болып алған білімдері мен жұмыс жасау барысында қалыптасқан дағдылары есептеленеді.

# ***Кейстің құрылымы:***

- - Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден оқиға.
  - Жағдайдың контексті - хронологиялық, тарихи, орын контексті. әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.
  - Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.
  - Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

- Қандайда болмасын жаңа технологияларды білім беру саласында қолдану көптеген факторларға тәуелді. Сол себепті кейс технологиясын шетел тіліне оқыту үрдісінде тиімді қолдану, біріншіден, шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Екіншіден, бұл технологияға арналған дайын оқыту материалының аздығы немесе жоққа тән болуы. Сондықтан кейс стади тәсілінде басты назар оқушылардың ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беріп, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі. Шәкірттің жекетұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады.

# Кейс технологиясы бойынша элементті сипаттау.

- Тас ғасырында бірінші танысқан металы (шамамен 6 мың жыл бұрын Ежелгі Шығыста) болған. Ол табиғатта таза немесе қосылыс күйінде кездеседі. Алғашқы адамдар да құралдарды осы металдан жасаған. Сол металлдың ашылып пайдалануына байланысты ғасыр да басталған. Қазақстанда көп кездеседі. Жылу өткізгіштігі, электр өткізгіштігі жоғары. Белсенділігі төмен жер қыртысында мөлшері 0,01 % массаны құрайды. Ашық қызғылт түсті жылтыр, балқу температурасы  $1083^{\circ}\text{C}$ , электр тогын күмістен кейін ең жақсы өткізеді. Алхимиктер оны Венера (Venus) деп атаған. Ол әртүрлі құймалар өндіруде қолданылады. Ол өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларына қарсы күреске пайдаланылады.

- 1. Бұл қай элемент?
- 2. Оның периодтық жүйедегі орнын сипатта;
- 3. Өнеркәсіпте қандай әдістермен алады?(Жауаптарыңды реакция теңдеулерімен дәлелдендер)
- 4. Бұл элементтің биологиялық маңызы қандай?
- 5. Бұл металлдың кен орындары қай жерде орналасқан?